

"1998 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Жер қойнауын пайдалануға арналған егемендік құқықтарды жүзеге асыру мақсатында Каспий теңізі солтүстік бөлігі түбінің ара-жігін ажырату туралы келісімге Хаттамаға өзгеріс енгізу туралы Хаттаманы ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 маусымдағы N 505 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"1998 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Жер қойнауын пайдалануға арналған егемендік құқықтарды жүзеге асыру мақсатында Каспий теңізі солтүстік бөлігі түбінің ара-жігін ажырату туралы келісімге Хаттамаға өзгеріс енгізу туралы Хаттаманы ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Заңы

1998 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Жер қойнауын пайдалануға арналған егемендік құқықтарды жүзеге асыру мақсатында Каспий теңізі солтүстік бөлігі түбінің ара-жігін ажырату туралы келісімге Хаттаманы өзгеріс енгізу туралы Хаттаманы ратификациялау туралы

2006 жылғы 25 қаңтарда Санкт-Петербург қаласында жасалған 1998 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Жер қойнауын пайдалануға арналған егемендік құқықтарды жүзеге асыру мақсатында Каспий теңізі солтүстік бөлігі түбінің ара-жігін ажырату туралы келісімге Хаттамаға өзгеріс енгізу туралы Хаттама ратификациялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

1998 жылғы 6 шілдедегі Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы арасындағы Жер қойнауын пайдалануға арналған егемендік құқықтарды жүзеге асыру мақсатында Каспий теңізі солтүстік бөлігі түбінің ара-жігін ажырату туралы келісімге Хаттамаға өзгеріс енгізу туралы ХАТТАМА

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы, Каспий теңізінің солтүстік бөлігінде орналасқан "Құрманғазы" ("Құлалы"), "Центральная" геологиялық құрылымдарының және "Хвалынское" кен орнының көмірсутек ресурстарын бірлесіп игерудегі өзара мүдделілікті ескере отырып, төмендегілер туралы келісті:

1. 1998 жылғы 6 шілдедегі Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы арасындағы Жер қойнауын пайдалануға арналған егемендік құқықтарды жүзеге асыру мақсатында Каспий теңізі солтүстік бөлігі түбінің ара-жігін ажырату туралы келісімге 2002 жылғы 13 мамырда қол қойылған Хаттаманың (бұдан әрі - Хаттама), 6-бабының 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Хаттаманың 3, 4 және 5-баптарына сәйкес тараптардың уәкілетті органдары құрған кәсіпорындарға олардың шегінде "Құрманғазы" ("Құлалы") және "Центральная" құрылымдары, сондай-ақ "Хвалынское" кен орны орналасқан жер қойнауы учаскелерін пайдалану құқығы өнімді бөлісу шарттарында, сондай-ақ жер қойнауының осы учаскелерінде өнімді бөлісу шарттарынан ерекше, жер қойнауын пайдаланудың өзге де шарттарында, пайдалы қазбаларды геологиялық зерттеу, барлау және өндіру мүмкіндігі жоқтығын растайтын қандай да бір конкурстарды немесе аукциондарды өткізбей-ақ осы учаскелерді пайдалану құқығы берілуі мүмкін жер қойнауы учаскелерінің тізбесіне осы учаскелерді енгізу қажеттігінсіз өнімді бөлісу шарттарында беріледі. Көрсетілген кәсіпорындармен осы жер қойнауы учаскелеріне қатысты өнімді бөлісу туралы келісімдер өнімді бөлісу туралы келісімдер жасасу құқығына аукциондар өткізбей-ақ ж а с а л а д ы " .

2. Осы Хаттама қол қойылған күннен бастап уақытша қолданылады және Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Хаттама 1998 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Жер қойнауын пайдалануға арналған егемендік құқықтарды жүзеге асыру мақсатында Каспий теңізі солтүстік бөлігі түбінің ара-жігін ажырату туралы келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

2006 жылғы "25" қаңтарда Санкт-Петербург қаласында әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды, әрі екі мәтіннің күші бірдей.

Қазақстан Республикасы үшін Ресей Федерациясы үшін
Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Жер қойнауын пайдалануға арналған егемендік құқықтарды жүзеге асыру мақсатында Каспий теңізі солтүстік бөлігінің түбін межелету туралы 1998 жылғы 6 шілдедегі келісімге Хаттама

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Жер қойнауын

пайдалануға арналған егемендік құқықтарын жүзеге асыру мақсатында Каспий теңізі солтүстік бөлігінің түбін межелету туралы 1998 жылғы 6 шілдедегі келісімге (бұдан әрі - К е л і с і м) с ә й к е с ,

Каспий теңізі солтүстік бөлігі түбінің жер қойнауын игеруге екі Тарап қызметінің құқықтық негізін жасаудағы өзара мүдделілікті ескере отырып,

Каспий теңізінің солтүстік бөлігінде орналасқан "Құрманғазы" ("Құлалы"), "Центральная" геологиялық құрылымдарының және "Хвалынское" кен орнының көмірсутегі ресурстарын бірлесіп игеру үшін қолайлы жағдайлар туғызуға ұмтыла о т ы р ы п ,

Каспий теңізінің экологиялық жүйесін және оның биоресурстарын қорғау мен сақтау қажеттігін негізге ала отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

1. Осы Хаттамада жер қойнауын пайдалануға арналған егемендік құқықтарын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Каспий теңізінің солтүстік бөлігінің түбін межеленудің модификацияланған ортадағы сызығының өтуіне қатысты географиялық координаттар белгіленеді.

2. Каспий теңізі солтүстік бөлігінің түбін межеленудің модификацияланған ортадағы сызығының бұрылыс нүктелері географиялық координаттарының каталогы осы Хаттаманың ажырамас бөлігі болып табылады (1-қосымша).

3. Модификацияланған ортадағы сызық каталогқа сәйкес Тараптар келіскен Каспий теңізі солтүстік бөлігінің түбін межелену схемасына түсірілді (2-қосымша).

4. Солтүстік ендіктің $46^{\circ} 13',3$ және шығыс бойлықтың $49^{\circ} 26',4$ координаттары бар нүктесі модификацияланған ортадағы сызықтың бастапқы нүктесі болып табылады.

5. Солтүстік ендіктің $42^{\circ} 33',6$ және шығыс бойлықтың $49^{\circ} 53',3$ координаттары бар нүктесі модификацияланған ортадағы сызықтың соңғы нүктесі болып табылады.

Көрсетілген нүкте Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы және Әзірбайжан Республикасы арасында жер қойнауын пайдалану мақсатында Каспий теңізінің түбін межелену сызығының түйісу нүктесі ретінде қабылдануы мүмкін, мұның өзі олардың арасындағы үш жақты келісімде белгіленетін болады.

6. Модификацияланған ортадағы сызық кесіп өтетін изогипстерді тұйықтайтын жаңа геологиялық құрылымдары (бұдан әрі - құрылым) табылған жағдайда, олардағы шаруашылық қызметті Тараптардың шаруашылық субъектілері Келісімнің 2-бабына сәйкес жекелеген шаруашылық келісімдерінің негізінде жүзеге асыратын болады.

2-бап

Қазақстан Республикасы "Құрманғазы" ("Құлалы") құрылымында Жер қойнауын пайдалануға арналған егемендік құқығын жүзеге асырады. Ресей Федерациясы "

Центральная" құрылымында және "Хвалынское" кен орнында жер қойнауын пайдалануға арналған егемендік құқығын жүзеге асырады.

3-бап

1. "Құрманғазы" ("Құлалы") құрылымында жер қойнауын пайдалану Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. "Құрманғазы" ("Құлалы") құрылымының ресурстарын бірлесіп игеру үшін Тараптардың әрқайсысы уәкілетті ұйымды белгілейді.

3. Ресейлік уәкілетті ұйым "Құрманғазы" ("Құлалы") құрылымындағы жер қойнауын пайдалану жөніндегі жобаға (бұдан әрі осы бапта - жоба) конкурстан тыс қ а т ы с у ғ а қ ұ қ ы л ы .

4. Тараптардың уәкілетті ұйымдары жер қойнауын пайдаланудың шарттарын қоса алғанда, консорциум, шетел инвестициясы бар коммерциялық ұйым (бұдан әрі - кәсіпорын) немесе бірлескен қызметтің кез келген өзге нысанында - бірлескен қызметтің нысаны туралы келісімге қол қояды.

5. Қазақстандық Тараптың жобаға қатысу үлесі - 50 пайыз, Ресей Тарапының жобаға қатысу үлесі - 50 пайыз, бұл орайда мынадай шарттар ескеріледі:

а) кәсіпорындағы қазақстандық уәкілетті ұйымның қатысу үлесі - 50 пайыз;

б) кәсіпорындағы ресейлік уәкілетті ұйымның қатысу үлесі - 25 пайыз; Ресейлік Тарапқа бекітілген кәсіпорынға қатысу опционы (бұдан әрі - опцион) - 25 пайыз;

в) қазақстандық және ресейлік уәкілетті ұйымдардың олардың қатысу үлесіне сәйкес келетін құқықтары мен міндеттемелері болады, бұған қазақстандық және ресейлік уәкілетті ұйымдардың құқықтары мен міндеттемелері бірдей болатын, Ресейлік Тарапқа бекітілген кәсіпорында опционды коммерциялық іске асыруға д е й і н г і л е р қ о с ы л м а й д ы .

6. Қазақстан Республикасының Үкіметі кәсіпорынның жер қойнауын пайдалануға арналған құқығын ресімдейді. "Құрманғазы" ("Құлалы") құрылымы үшін жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарт ретінде Өнімді бөлісу туралы келісім қабылданады.

7. Кен орнын коммерциялық тұрғыда ашқаннан кейін алты айдан кешіктірмей кәсіпорын Ресейлік Тарапқа бекітілген опционды сату туралы Ресейлік Тарапқа ұсыныс жасайды. Ресейлік Тарап Ресей Федерациясының Үкіметі белгілеген тәртіпке сәйкес анықталған ресейлік ұйымға опционды пайдалануға құқық береді.

Ресейлік Тарап кәсіпорын осындай ұсыныс жасағаннан кейін алты айдың ішінде жасалған ұсынысты қабылдауға немесе одан бас тартуға құқылы. Ресейлік Тарап кәсіпорындағы опционды пайдаланудан бас тартқан жағдайда, кәсіпорын опционға еркін түрде билік жүргізуге құқылы.

Опционды сатудан түскен ақшалай қаражатты кәсіпорын жобаны дамытуға б а ғ ы т т а й д ы .

Опционды сатқан кезде Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңа қатысушының

құқығын қамтамасыз ететін қажетті құжаттарды белгіленген тәртіппен ресімдеуді жүргізеді.

4-бап

1. "Центральная" құрылымындағы жер қойнауын пайдалану Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. "Центральная" құрылымының ресурстарын бірлесіп игеру үшін Тараптардың әрқайсысы уәкілетті ұйымды белгілейді.

3. Қазақстандық уәкілетті ұйым "Центральная" құрылымындағы жер қойнауын пайдалану жөніндегі жобаға (бұдан әрі осы бапта - жоба) конкурстан тыс қатысуға қ ұ қ ы л ы .

4. Тараптардың уәкілетті ұйымдары жер қойнауын пайдаланудың шарттарын қоса алғанда, консорциум, шетел инвестициясы бар коммерциялық ұйым (бұдан әрі - кәсіпорын) немесе бірлескен қызметтің кез келген өзге нысанында - бірлескен қызметтің нысаны туралы келісімге қол қояды.

5. Қазақстандық Тараптың жобаға қатысу үлесі - 50 пайыз, Ресейлік Тараптың жобаға қатысу үлесі - 50 пайыз, бұл орайда мынадай шарттар ескеріледі:

а) кәсіпорындағы ресейлік уәкілетті ұйымның қатысу үлесі - 50 пайыз;

б) кәсіпорындағы қазақстандық уәкілетті ұйымның қатысу үлесі - 25 пайыз;

Қазақстандық Тарапқа бекітілген қатысу опционы - 25 пайыз;

в) қазақстандық және ресейлік уәкілетті ұйымдардың олардың қатысу үлесіне сәйкес келетін құқықтары мен міндеттемелері болады, бұған қазақстандық және ресейлік уәкілетті ұйымдардың құқықтары мен міндеттемелері бірдей болатын, Қазақстандық Тарапқа бекітілген опционды коммерциялық іске асыруға дейінгілер қ о с ы л м а й д ы .

6. Ресей Федерациясының Үкіметі кәсіпорынның жер қойнауын пайдалануға арналған құқығын ресімдейді.

7. Кен орнын коммерциялық тұрғыда ашқаннан кейін алты айдан кешіктірмей кәсіпорын Қазақстандық Тарапқа бекітілген опционды сату туралы Қазақстандық Тарапқа коммерциялық ұсыныс жасайды. Қазақстандық Тарап Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіпке сәйкес анықталған қазақстандық ұйымға опционды пайдалануға құқық береді.

Қазақстандық Тарап кәсіпорын осындай ұсыныс жасағаннан кейін алты айдың ішінде жасалған ұсынысты қабылдауға немесе одан бас тартуға құқылы. Қазақстандық Тарап опционды пайдалану құқығынан бас тартқан жағдайда, кәсіпорын опционға еркін түрде билік жүргізуге құқылы.

Опционды сатудан түскен ақшалай қаражатты кәсіпорын жобаны дамытуға бағыттайды.

Опционды сатқан кезде Ресей Федерациясының Үкіметі жаңа қатысушының құқығын қамтамасыз ететін қажетті құжаттарды белгіленген тәртіппен ресімдеуді жүргізеді.

5-бап

1. "Хвалыnskое" кен орнының жер қойнауын пайдалану Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. "Хвалыnskое" кен орнының мұнай-газ ресурстарын бірлесіп игеру үшін Тараптардың әрқайсысы уәкілетті ұйымды белгілейді.

3. Қазақстандық уәкілетті ұйым "Хвалыnskое" кен орнының жер қойнауын пайдалану жөніндегі жобаға конкурстан тыс қатысуға құқылы.

4. Тараптардың уәкілетті ұйымдар бірлескен қызмет нысаны (консорциум, шетел инвестициясы бар коммерциялық ұйым немесе бірлескен қызметтің кез келген өзге де нысаны) туралы келісімге қол қояды, оған олардың арасындағы уағдаластық негізіндегі жер қойнауын пайдалану шарттары қосылады, бұл ретте қазақстандық уәкілетті ұйымның қатысу үлесі 50-ге дейінгі пайызды құрауы мүмкін.

5. Ресей Федерациясының Үкіметі Тараптардың уәкілетті ұйымдары құрған жаңа жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдалануға арналған құқығын ресімдейді.

6-бап

"Құрманғазы" ("Құлалы"), "Центральная" құрылымдарын және "Хвалыnskое" кен орнын бірлесіп игерген жағдайда:

1. Осы Хаттамаға қол қойылғанға дейінгі кезеңде белгіленген тәртіппен Тараптар берген немесе жасасқан лицензиялар мен келісім-шарттар бойынша лицензиялық учаскелердің шекаралары осы Хаттамамен белгіленген Каспий теңізі солтүстік бөлігінің түбін межелелеудің модификацияланған ортадағы сызығына сәйкес келтіріледі.

2. Осы Хаттамаға қол қойылған күннен бастап бір ай ішінде Тараптар қазақстандық және ресейлік уәкілетті ұйымдарды белгілейді, олар өздеріне тиісті өкілеттік берілген күннен бастап бір ай мерзімде жер қойнауын пайдалану шарттарын қоса алғанда, бірлескен қызметтің нысандары туралы тиісті шарттарды әзірлеу туралы келіссөздерге к і р і с е д і .

3. Жер қойнауын пайдалануға егемендік құқықтарын жүзеге асыратын мемлекеттің заңнамасы негізінде, Тараптар тиісті кәсіпорынмен өнімді бөлісу туралы келісім жасаса а л а д ы .

4. Уәкілетті ұйымдардың кәсіпорындағы өзінің қатысу үлесін (немесе оның бір бөлігін) өз Тарапының Үкіметі келіскен жағдайда басқа да заңды тұлғаларға беру қ ұ қ ы ғы т а н ы л а д ы .

Мұндай беру жағдайында әрбір уәкілетті ұйымның басқа заңды тұлғалар ұсынатынынан нашар емес шарттармен өзінің үлесін беретін ұйымның үлесін сатып алуға басымдықты құқығы болады. Мұндай ереже уәкілетті ұйымның өз Тарабы

Үкіметінің келісімімен және уәкілетті ұйымның қаржылық кепілдіктерімен жүзеге асырылатын оның үлестес ұйымдарына беруге қатысты қолданылмайды.

5. Тиісті уәкілетті ұйымдардың бірлескен қызметі туралы келісімде көзделген қаржылық міндеттемелерін орындауды қамтамасыз етпейтін уәкілетті ұйымдар аталған шарттың шарттарына сәйкес міндеттемелерін орындайтын уәкілетті ұйымдардың пайдасына өзіне тиісті қатысу үлесінен айрылады.

6. Осы Хаттамаға қол қойылған күннен бастап он екі ай ішінде уәкілетті ұйымдар өзара қолайлы шешім таппаса, Тараптардың Үкіметтері аталған жобаларға қатысуы үшін басқа уәкілетті ұйымдарды белгілейді.

7-бап

Осы Хаттама Келісімнің 10-бабында көзделген тәртіппен күшіне енеді және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

Осы Хаттаманың 6-бабының 2 және 6-тармақтары оған қол қойылған күнінен бастап уақытша қолданылады.

Мәскеу қаласында 2002 жылғы "13" мамырда әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі түпнұсқа дана болып жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей.

Қазақстан Республикасы үшін Ресей Федерациясы үшін
1-қосымша

Қазақстан Республикасы мен Ресей
Федерациясы арасындағы Жер қойнауын
пайдалануға арналған егемендік
құқықтарын жүзеге асыру мақсатында
Каспий теңізінің солтүстік
бөлігінің түбін межелеу туралы
1998 жылғы 6 шілдедегі келісімге

Хаттамаға
**Каспий теңізінің солтүстік бөлігінің түбін межелеудің
модификацияланған ортадағы сызығының бұрылыс нүктелерінің
географиялық координаттары**

КАТАЛОГЫ

Модификацияланған ортадағы сызықтың бұрылыс нүктелерінің нөмірлері	Солтүстік ендігі	Шығыс бойлығы
1	46 ° 13',3	49 ° 26',4
2	46 ° 11',6	49 ° 30',4
3	46 ° 10',8	49 ° 32',7
4	46 ° 10',6	49 ° 36',0
5	46 ° 10',7	49 ° 37',3
6		49 ° 42',1

	46 ⁰ 11,2	
7	46 ⁰ 10',6	49 ⁰ 42',6
8	46 ⁰ 09',7	49 ⁰ 43',6
9	46 ⁰ 09',4	49 ⁰ 43',9
10	46 ⁰ 07',1	49 ⁰ 46',7
11	46 ⁰ 05',1	49 ⁰ 49',7
12	46 ⁰ 04',2	49 ⁰ 51,0
13	46 ⁰ 00',1	49 ⁰ 57',1
14	45 ⁰ 59',1	50 ⁰ 01',0
15	45 ⁰ 21',5	49 ⁰ 25',5
16	45 ⁰ 21',3	49 ⁰ 25',0
17	45 ⁰ 17',3	49 ⁰ 21',2
18	45 ⁰ 13',5	49 ⁰ 17',8
19	45 ⁰ 12',3	49 ⁰ 16',7
20	45 ⁰ 05',9	49 ⁰ 10',5
21	45 ⁰ 02',4	49 ⁰ 10',4
22	44 ⁰ 55',1	49 ⁰ 09',9
23	44 ⁰ 50',0	49 ⁰ 09',8
24	44 ⁰ 40',6	49 ⁰ 09',3
25	44 ⁰ 25',4	49 ⁰ 08',0
26	44 ⁰ 20',0	49 ⁰ 05',3
27	44 ⁰ 20',0	49 ⁰ 36',0
28	44 ⁰ 04',0	49 ⁰ 36',0
29	44 ⁰ 04',0	49 ⁰ 00',0
30	43 ⁰ 19',2	49 ⁰ 00',0
31	43 ⁰ 17',0	49 ⁰ 20',1
32	43 ⁰ 16',5	49 ⁰ 20',6
33	43 ⁰ 15',8	49 ⁰ 21',4
34	43 ⁰ 11',6	49 ⁰ 27',0
35	43 ⁰ 10',3	49 ⁰ 27',9
36	43 ⁰ 08',2	49 ⁰ 29',5

37	43 ⁰ 07',8	49 ⁰ 29',9
38	42 ⁰ 45',0	50 ⁰ 00',0
39	42 ⁰ 33',6	49 ⁰ 53',3

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы жер қойнауын пайдаланудағы егеменді құқықтарды жүзеге асыру мақсатында Каспий теңізінің солтүстік бөлігі түбінің жігін ажырату туралы

КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы,

Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі кен көздерін игеру жөніндегі екі Тарап қызметінің құқықтық негізін жасаудағы өзара мүдделілікті ескере отырып,

Каспий теңізіндегі өз егеменді құқықтарын іске асыру үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз етуге, сондай-ақ Солтүстік ынтымақтастық рухында реттеуге ұмтыла
о т ы р ы п ,

аймақта болған геосаяси өзгерістерді, Тараптардың арасындағы нығайып келе жатқан ынтымақтастық, тату көршілік және өзара түсіністік ахуалын ескере отырып,

Каспий теңізінің қазіргі құқықтық режимі осы заманғы талаптарға жауап бермейтінін және Каспий жағалауы мемлекеттерінің өзара қарым-қатынастарын толық көлемде реттемейтінін еске ала отырып,

Каспий жағалауындағы мемлекеттерді олардың ортақ келісімі негізінде Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияны тез арада жасауға шақыра отырып,

Каспий теңізінің солтүстік бөлігі түбінің минералдық ресурстары мен кен көздерін игеру және пайдалану барысында халықаралық құқықтың принциптері мен нормаларын, Тараптардың мүдделерін басшылыққа ала отырып,

Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін айқындау барысында Тараптардың оның акваториясында шекаралық, кедендік және санитарлық бақылау аймақтарын орнату, келісілген шектерде балық аулау аймақтарын, сондай-ақ ортақ пайдалану аймағының мүмкіндігін қарастыратынын түсінушілікті негізге ала отырып,

қазіргі және келешек ұрпақтың алдында Каспий теңізін және оның бірегей экологиялық жүйесінің тұтастығын сақтау үшін өз жауапкершілігін жете түсіне отырып ,

Каспий теңізінің биологиялық ресурстарын сақтау және қайта қалпына келтірудегі қазіргі қорық аймақтарының маңызын ескере отырып,

Каспий теңізінің солтүстік бөлігі түбінің минералдық ресурстары мен кен көздерін барлау және игеру барысында бірлескен ғылыми зерттеулерді жүргізудің маңызын және ерекше экологиялық талаптарды сақтаудың қажеттілігін мойындай отырып,

әсер етуді бағалау процедурасын, экологиялық сараптаманы және бақылау жасауды қоса алғанда, экологиялық қауіпсіздік жүйесін жасауға деген біркелкі көзқарастарды

әзірлеудің қажеттілігіне көз жеткізе отырып,
осы Келісіммен Каспий теңізі түбінің жігін ажыратудың биологиялық ресурстарға
күші жүрмейтінін негізге ала отырып,
Каспий теңізі құқықтық мәртебесінің мәселелері жөніндегі қол жеткізілген екі
жақты уағдаластықтарды еске ала отырып,
төмендегілер жөнінде уағдаласты:

1-БАП

Кеме қатынасының еркіндігін, балық аулаудың келісілген нормаларын және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етуді қоса алғанда, ортақ пайдалану барысында судың үстіңгі қабатының сақталуымен Каспий теңізі солтүстік бөлігінің түбі мен оның кен көздерінің ара жігі Тараптар арасында әділеттік принципі мен Тараптар уағдаластықтарының негізінде модификацияланған ортадағы сызық бойынша
а ж ы р а т ы л а д ы .

Модификацияланған ортадағы сызық келісілген негізгі сызықтардан бірдей қашықтыққа негізделеді, оған негізгі сызықтардан бірдей қашықтықта тұрған болып табылмайтын учаскелер кіреді және аралдарды, геологиялық құрылымдарды ескерумен , сондай-ақ басқа да ерекше жағдайлар мен келтірілген геологиялық шығындарды
е с к е р у е н а н ы қ т а л а д ы .

Модификацияланған ортадағы сызықтың өтуі қазіргі аралдарды ескерумен Каспий теңізінің 1998 жылғы 1-қаңтарға қарай Балтық жүйесі биіктіктерінің минус 27 метрлік белгісіне теңдей (Кронштадтық футштокқа қатысты) деңгейін негізге ала отырып, Тараптардың жағалауларындағы нүктелерден бастап есептеудің көмегімен анықталады.

Жоғарыда аталған сызықтың өтуін және оның координаттарын географиялық суреттеу Тараптармен келісілген картографиялық материалдардың және базистік сызықтардың негізінде жүзеге асырылады және осы Келісімге қосымша әрі оның ажыратылмас бөлігі болып табылатын Хаттамада бекітіледі.

2-БАП

Тараптар өз бөліктері шектерінде бөлу сызығына дейін Солтүстік Каспий түбінің ресурстары мен кен көздерін барлау, игеру және басқару мақсаттарында егеменді
қ ұ қ ы қ т а р ы н жү з е г е а с ы р а д ы .

Тараптардың перспективті құрылымдар мен кен орындарын, олар арқылы модификацияланған ортадағы сызық өткен жағдайда, бірлесе барлау мен игеруге ерекше құқығы бар. Тараптардың әрқайсысының қатысу үлесін айқындау Тараптар арасындағы тату көршілік қарым-қатынастарын ескере отырып, қалыптасқан дүниежүзілік практика негізінде жүргізіледі.

3-БАП

Модификацияланған ортадағы сызықтың өту аймағында оны Тараптардың келісуіне дейін Каспий теңізінің солтүстік бөлігінде көмірсутегі кен орындарын ашқан немесе

көмірсутегі қорын жинау үшін болашағы бар геологиялық құрылымдарды тапқан Тараптың немесе оның заңды және жеке тұлғаларының (бұдан былай - өкілдер) екінші Тараптың өкілдерін міндетті түрде тарта отырып, оларды барлау және игеру лицензиясын алуға басым құқығы бар.

4-БАП

Тараптар экспортты құбыр желілерін дамыту, өзен және өзге де көлік жолдарын пайдалану, кеме жасау қуаттары мен басқа да салалардағы мәселелерде өзара тиімді іс-әрекеттер жасасу туралы уағдаласты.

5-БАП

Кеме қатынасы мен ұшулардың еркіндігіне, су асты кабельдерін, құбыр желілерін төсеу мен пайдалануға және Каспий теңізін пайдаланудың өзге де түрлеріне байланысты мәселелер Каспий жағалауы мемлекеттердің жекелеген екі жақты және көп жақты келісімдері мен Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенция негізінде реттелетін болады.

6-БАП

Тараптар Каспий теңізінің экологиялық жүйесін және оның барлық құрамдас бөліктерін қорғайды және сақтайды. Осы мақсаттарда Тараптар өздігінше немесе бірлесе отырып, мүмкін болатын іс-шаралардың бәрін қабылдайды және Каспий теңізінің биологиялық әр алуандығын сақтау, кез келген көзден түсуі мүмкін ластануға жол бермеу, оны қысқарту және Каспийдің табиғи ортасының жай-күйін бақылауды қамтамасыз ету үшін бірлесе жұмыс істейді.

Тараптар Каспий теңізінің табиғи ортасына едәуір зиян келтіруі мүмкін іс-әрекетке т ы й ы м с а л а д ы .

Тараптар Каспий жағалауы мемлекеттердің бәрінің Каспийдің биологиялық ресурстарын сақтау, ұдайы өндіру және ұтымды пайдалану туралы келісімге тезірек қол қоюына ұмтылатын болады.

7-БАП

Осы Келісім Тараптардың әрқайсысы жеке жасаған екі жақты, сондай-ақ көп жақты халықаралық шарттары мен уағдаластықтарынан туындайтын құқықтары мен міндеттерін қозғамайды.

8-БАП

Тараптар арасында осы Келісімді түсіндіруге немесе қолдануға қатысты даулар туындаған жағдайда, Тараптар келіссөздер, тергеу, араға жүру, ымыраласу, төрелік сот, сотта іс қарау немесе өздерінің қалауы бойынша басқа да бейбіт жолдармен дауды шешу мақсатында бір-бірімен кеңеседі.

9-БАП

Осы Келісім Каспийдің құқықтық мәртебесі бойынша Каспий жағалауы мемлекеттерінің ортақ келісімге қол жеткізуіне кедергі болмайды және оған Тараптар өздерінің ортақ уағдаластықтарының бір бөлігі ретінде қарайды.

10-БАП

Осы Келісім осы Келісімнің 1-бабында көзделген Хаттаманы ескере отырып, қол қойылған кезден бастап уақытша қолданылады және оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабардағы күннен бастап күшіне енеді.

Мәскеу қаласында 1998 жылғы 6 шілдеде екі дана болып, әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде жасалды және де екі мәтіннің күші бірдей.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮШІН РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ ҮШІН

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК